

АЛАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№28(38) 12 шілде 2024 жыл

Дәстүрім-асыл қазынам!

ҚАРҚАРАДА ӨТКЕН ҚЫМЫЗ МЕРЕКЕСІ

Шілде айының алғашқы сенбісінде атақты Қарқара жайлауында «Дәстүрім-асыл қазынам» атты қымызмұрындық фестивалі өткізілді. Алматы облысы әкімдігі мен Кеген ауданының әкімдігі бірлесе ұйымдастырған осы игілікті іске көршілес Қырғыз елінен келген қонақтар, республика Парламент Мәжілісінің депутаттары, өнер саңлақтары, облыстың барлық аудандарының азаматтары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты. Қымызмұрындық фестивалінің негізгі мақсаты-ұлттық сусынның құндылығын насихаттау, ұмытылып бара жатқан дәстүрді қайта жаңғырту.

Олай болса, бұл басқосу тойы жалпы жайлауға қоныстанған ағайынның бір-біріне деген көңілдерін, ақ пейілдерін, сүттей ұйған бірлігін, жақсы қарым-қатынасын паш етіп тұрар жоралғымыз болып қала бермек.

Әңгімені таулы өңірді жайлаған қазақтың жайлауы мен қымызынан бастайық. Жерінің құнарлығынан болуы керек, Кеген, Қарқара өңірі облысымызда шын мәнінде таза қымыздың отаны десек болады. Жаздай қымыз дайындап, сол арқылы игіліктерін құрайтын отбасыларының қатары жыл сайын артып келе жатқанын көз көруде. Халықтық тойға, қуанышқа айналған ел-жұрт осы мерекені үлкен-кіші демей көруге асық болғаны аңғарылып-ақ тұрды. Осы мезгіл-жайлау толысып, кемеліне келген шақ. Аяқ астындағы балауса құрақтан жер көрінбейді. Неше түрлі гүлдері көз тартады. Жайлау десе, жайлау.

Спорттық жарыстар өтетін жер белгіленген. Алтыбақан мектеп жасындағы бұлдіршіндерді тербетіп тұр. Қымызмұрындық дәстүрін насихаттау мақсатында театрландырылған қойылым болып өтті. Жайлау ортасын елу адамдық көш-керуен салтанатпен кесіп өтуде. Көш-керуенді ақбоз атқа мінген Қа-

сұретшілердің қолтамалары молынан ұшырасуда. Осы күні жиналған дүйім елдің жөн-жоралғыларымызға, қастерлі



көлөнерімізге деген қызығушылығымен қатар құрмет сезімінің арта түскені анық. Бұл, әсіресе, жаңадан өсіп келе жатқан жас ұрпақтың жүрегіне жатталып қалары даусыз.

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бар. Осы тойда жарқ еткен жұлдыздай артында із қалған азамат Жоланның құрметіне «Жолан жүйрігі» атты тұлпарлар мерекесінің де өткенін айта кеткеніміз жөн.

Мереке басы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы ұйымдастырған «Ата жолы-ақ бата» атты іс-шарадан басталып кетті. Батағой ақсақалдар арасындағы байқауға Райымбек, Іле, Ұйғыр, Жамбыл, Еңбекшіқазақ, Кеген, Балқаш, Қарасай секілді тоғыз ауданның және

Қонаев қаласының өкілдері қатысты. Бұл бәйгеде Талғар ауданының өкілі Ауған Қыпшақов бас жүлдені жеңіп алса, Іле аудандық ардагерлер ұйымынан келген Сәндібек Аманбаев ақсақал жүлделі екінші орынды иеленді. Үшінші орынды Кеген мен Қарасай аудандарының батағойлері өзара бөлісті. Оза шапқандар түрлі деңгейдегі қаржылай сыйақылармен марапатталды.

Шараның ресми бөлімі жайлау ортасындағы сахна төрінде басталды. Алғашқы құттықтауды Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Әбдірахым

Нұрлан Ерғалиұлы алып, жиналған жұртшылықты бүгінгі мерекемен құттықтады. Құттықтап қана қойған жоқ. Облыс көлеміндегі мәдени-экономикалық дамуымызға өзіндік сүбелі үлесін қосып жүрген жекелеген азаматтарға облыс әкімі М.Сұлтанғазиевтің сый-сыяпаттарын табыстады. Олардың қатарында Алматы облысы әкімінің Құрмет грамоталарын алған Саты ауылдық округіндегі ақсақалдар алқасының төрағасы Есболат Рысбаев пен Кеген ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту және дене шынықтыру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қанат Бектенов және Алматы облысы әкімінің Алғыс хатын алған «Алпамыс» шаруа қожалығының төрағасы Рүстем Дәукенов бар.

(Жалғасы 2-бетте)



зақстанның халық әртісі Рамазан Стамғазиев жыр-шашу айтып, бастап барады. Тамаша көрініс екеніне дау жоқ.

Қымызмұрындық – ел жайлауға шыққанда жазғытұрым аталып өтетін қымыз тойы. Бұл ел мен жұрттың басын қосуға, ынтымақ пен бірлікке үндеген өміршен дәстүр. Жаз жайлауға шыққанда биенің алғашқы сүті жинақталып, қорланып балдай тәтті қымызға айналғанда көрші-қоланды, ақ баталы қарияларды, ақ самайлы әжелерді шақырып, ақ дастархан басынан дәм татқызатын ұлағатты дүние. Әрине, мұндай дастархан басында ел мен жер туралы, өткен-кеткеніміз, қазыналы шежіреміз туралы әңгімелер ортаға салынады. Бойында өнері бар жан-жан-жан бір-бір ауыз ән айтып, күй тартудан бойларын аулақ ұстамаған.

Қымызмұрындық рәсіміне ауданның ауылдық округтері, мекемелері тыңғылықты дайындалғаны байқалады. Қатар-қатар киіз үйлер тігіліп, оның бір көшесі бойына қазақты дәстүр мен салт-сананы насихаттайтын көрме қойылды. Әр ауыл өзіндік көздің жауын алар көрмелерімен ерекшеленеді. Ат әбзелдері, қол өнер туындылары, әшекей бұйымдар,



ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алатау қырандары жүздемен оралды

Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған әскери-патриоттық іс-шараға Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан және Ресей құрамала-



рынан 750 адам қатысқан болатын.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері Әскери институты «Әли» оқу-жаттығу полигонының базасында 2024 жылғы 16-22 маусым аралығында өткен «Айбын-2024» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе күштерінің 53975 әскери бөлімінің атынан Алматы облысы Алатау қаласы № 3 орта мектебінің оқушылары қатысқан болатын. Әскери-патриоттық жиында барлық командалар жарыстың 11 түрінен сайысқа түсті. Жиында «Айбын жұлдызы» номинациясы бойынша «Алатау қырандары» командасы жүлделі 3 орынға ие болды. Жарыс жеңімпаздары кубоктармен, медальдармен, дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Сбрасывать воду начали на озерах Алматы из-за угрозы селя



На моренных озерах бассейна реки Турген в Алматинской области сбрасывают воду для исключения перелива и рисков образования селевых потоков, передает Tengrinews.kz.

По информации МЧС Казахстана, в течение двух дней сотрудники ГУ «Казселезащита» откачали ледниковые талые воды путем прокладки сифона.

«Таким образом, сегодня была запущена первая нить сифона длиной порядка 300 метров с производительностью 110 литров в секунду», - говорится в сообщении. При этом отмечается, что работы на озерах будут продолжены в зависимости от погодных условий, ориентировочно до 16 июля.

Қазақстандық тағы бір танымал әнші қамауға алынды

– Белгілі қазақстандық әнші Әбдіжаппар Әлқожа тәртіп сақшысының заңды талаптарына бағынбағаны үшін Алматы облыстық сотының шешімімен 10 тәулікке қамауға алынды,-деп хабарлайды KAZINFORM.

Алматы облыстық Полиция департаментінен мәлім еткендей, 6 шілдеде тәртіп сақшылары Toyota Camry автокөлігін тоқтатты. Тексеру барысында жүргізуші көлік құралын басқару құқығынан айырылғаны анықталды.

Нәтижесінде көлік құралын басқару құқығынан айырылып көлікті басқарғаны үшін Toyota Camry жүргізушісі 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамауға алынды. Сондай-ақ сот шешімімен KIA Carnival жолаушысы Әбдіжаппар Әлқожа құқық қорғау органы қызметкерінің заңды талаптарына бағынбағаны үшін ол да 10 тәулікке қамалды.

Тұлғалар тағдырларының тоғысуы

ҚАРҚАРАДА ӨТКЕН ҚЫМЫЗ МЕРЕКЕСІ

(Басы 1-бетте)

Осы дәстүрлі мерекеге ат басын бұрып келген көрші Қырғыз елінің Түйіп ауданы әкімдігінің өкілдері сөз кезегін алып, қырғыз-қазақ достығы, туыстығы төңірегінде әңгіме қозғады. Қырғыз елінен арнайы алып келген сый-сыяпатын табыстады. Келесі құттықтау сөздер Қазақстан Республикасы парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжанға, Кеген аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Сабыр Досымбеков ақсақалға берілді.

Осы өңірдің дамуына зор үлес қосқан, қазақтың біртуар азаматы Жолан Омаров бүгінде тірі болса, 45 жасқа толар еді. Артында жасап кеткен адами ізі қалған, алайда өмірден жас кеткен азаматтың рухына құран бағышталды.

Қаз-қатар тігілген киіз үйлердің тұсынан көк түтін шұбатылып жатса, қазақтың сүт тағамдарына толы ақ дастархандары қонақтарынан босаған жоқ. Шетелден және алыс-жақыннан жиналған ел-жұрт бие байлайтын ағайынның шаңы-



Оған «қара күштің иесімін» деген он екі үміткер бел шешіп, ортаға жиналды. Әрқайсына қарап тұрсаңыз, бәйге басын сол алатындай көрінеді.

Осы жайлау төрінде жоғарыда айтқан батагөйлер жарысынан бөлек Алматы облыстық ардагерлер ұйымы басшыларының ұйымдастыруымен ардагерлер арасында «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» атты көрме байқауы да өткізілді. Бұл байқаудың алға қойған мақсаты-төл өнеріміздің кейінгі ұрпаққа сабақтастығын жалғастыру, ұлтты сақтайтын рухани құндылықтарымызды жаңғырту, ата-баба дәстүрін кейінгі ұрпаққа көрсету және үйрету. Қазақ халқымыздың асыл құндылықтарымен, салт-дәстүрін дәріптеу, бойына сіңіру.

Байқауға қала, аудан тарапынан 60-75 жас аралығындағы 18 ардагер, зейнеткерлер қатысты. Осы аталған іс-шаралар бойынша әділқазы мүшелері өз бағаларын беріп, үздіктерді анықтады. Салтанатты марапаттау кезінде Алматы облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Тұрымбетов Ерболат

Сапарұлы өзінің ізгі тілектерін білдіріп, құттықтай отырып, қатысушыларды марапаттады.

Нақтырақ айтар болсақ, «Үздік зергер» номинациясы бойынша дипломмен Қарасай ауданының зергері Бекдайыр Қоңыр Егенбайұлы, «Үздік тігінші» номинациясы бойынша дипломмен Қонаев қаласының тігіншісі Жұмағұлова Жолдықүл Көпбайқызы, «Үздік тоқушы» номинациясы бойынша дипломмен Кеген ауданының тоқушысы Бидайбекова Досымхан Шаданқызы, «Үздік колөнер» номинациясы бойынша дипломмен Райымбек ауданының шебері Тыныбаева Гүлнәр Молдашқызы, «Үздік суретші» номинациясы бойынша дипломмен Жамбыл ауданының суретшісі Ысқақов Әуелбек марапатталды. Ұлттық колөнерге қатысқан аттары аталған осы өнер адамдарының бәріне дипломдарынан бөлек 50 мың теңге көлемінде қаржылай сыйлықтар берілді.

Бұдан тысқары «Зергерлік өнер» номинациясы бойынша Талғар ауданының өкілі Қасымбекова Бейбіткүлге, «Тігіншілік өнері» номинациясы бойынша Балқаш ауданынан додаға қатысқан Мәмекеева Зора Смағұлқызына, «Тоқыма өнері» номинациясы бойынша Ұйғыр ауданынан келген Иса Әділханға және «Қол өнер» номинациясы бойынша қатысқан Іле ауданының өкілі Бәкір Нұрсейітұлына 5 мың теңге көлемінде ынталанды-



лік-Кеген мен Нарынкол ауданын жастары.-дейді осы күрестің бас хатшысы миссиясын орындап жүрген қарасайлық Белгібаев Ержан.

Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт Басқармасынан қошқар көтеру мен қазақша күрес додаларына төрелік ету міндетін алған Амандос Сқақбекұлымен де әңгімелесудің сәті түсті. «Қарасай аудандық ұлттық және ат спорты түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директорымын» деп таныстырған ол жарысқа Алматы облысының ғана емес, Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген сайдың тасындай болған, «Қазақстан барысына» қатысып жүрген палуандардың келгенін тілге тиек етті.

Қошқар көтеру сайысы да өз жаншырларын манайына көптеп жинағандай. Қиқуласқан халық,



рақтарынан табылатын қымыздан дәм татты. Жайлау ортасындағы үлкен сахна төрінде ән мен жырға да кезек беріліп жатты. Жиналған ел-жұрт елімізге белгілі өнер жұлдыздары мен Сүйінбай атын-

бұл тойда да қошқар көтеру, қазақша күрес секілді спорт додалары да көпшіліктің назарында болды. -Түйе палуан жарысына он алты палуан қатысуда. Осы жарыстың халық арасында қолдау тапқаны



дағы Алматы облыстық филармониясының, «Адырна» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің, «Алтынай» мемлекеттік халықтық би ансамблінің концерттік бағдарламаларын тамашалады. Рамазан Стамғазиев, Өмірқұл Айниязов, Мұқасан Шахзадаев, Сәкен Майғазиев, Ұлту Қабаева, Ұлжан Айнақұлова, Жігер Ауыпбаев секілді өнерлері өрге жүзген әншілер жиналған халықты рухани сусындаты деуге болады.

Тұс қайта «Жолан жүйрігі» додасына әкелінген дала тұлпарларының бәйгесі жайлау төсін дүбірлетті. Бәйге соңы тағы бір ұлттық ойын саналатын көкпарға жалғасты.

Ұлттық спорт түрлерін насихаттау ел азаматтарының алдында тұрған міндеттердің бірі десек,

соншалық, облысымыздан тысқары сонау Шымкент, Тараз, Алматы, Талдықорған шахарларынан да палуандар келіп, боз кілемнің үстінде күш сынасып жатыр. Боз кілем үстіндегі атық белдесуге жетісулік Жұмабай Жансерік пен Шымкенттен келген Байқоңыров Марат жолдама алды. Үшінші орын үшін белдесуге Райымбек ауданының палуаны Рысдәулетов Мәулен мен Кеген ауданының өкілі Алғазиев Нұрсұлтан шықпақшы. Оза шапқан түйе палуанды 300 мың теңге көлемінде сыйақы күтіп тұрғаны анық. Одан кейінгі орын алғандар да бос қайтпайтыны анық.

Ересек палуандардан бөлек он бес жасқа дейінгі тоғыз жасөспірім палуандар да боз кілемге шығуға мүмкіндік алды. Олардың бәрі дер-



ру сыйлықтары мен алғыс хаттар берілді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, осы тойды көптен күткен жұртшылық күнделікті күйбең тірліктен бір сәт босап, көптен бері көрмеген замандасымен көрісіп, тау етегіндегі жасыл жайлаудың шалғын шөбін басып, таза ауасын жұтып, бал қымызынан дәм татып, бір жадырап қалғаны анық. Бұған мүмкіндік тудырған-осы қымызмұрындық мерекесі.

Қымызмұрындық – өміршен салт-дәстүріміз, ұрпаққа үлгі етер игілігіміз. Бұл – халқымыздың сүттей ұйыған тату-тәтті тіршілігінің, айнымас достығының, береке-бірлігінің жарқын көрінісі. Олай болса, елдің басын бір дәстүр аясына қосатын осындай игі шаралар ел-жұрт арасында көбірек болып, осындай деңгейдегі халық тойлары басымды қоса берсін, ағайын.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.
Қарқара жайлауы.
Кеген ауданы.

Өнер адамы туралы

АҚЫНДЫҚ ДЕГЕН-БІР ТЫЛСЫМ

Бексұлтан Көлбаев 1954 жылы шілде айының 15-де Нарынқол аймағында дүниеге келген екен. Балалық бал дәурені сол жерде өтіпті. Көміршінің сегізжылдық мектебін бітірген соң оқуын Текес кәсіптік ауыл шаруашылығы училищесінде жалғастырыпты.



казынасын, салт-дәстүрімізді сақтауға шақырып отырады.
Біз ақындық жолға түскен өнер адамының бірнеше өлеңдерін газет бетіне жариялауды жөн деп таптық.

Редакциядан.

АБЫЗ БАБАМ ӘЛМЕРЕК

Абыз бабам, батыр бабам Әлмерек,
Жемісі мол, саялы сіз бәйтерек,
Ел тағдыры таразыға түскенде,
Сіз болмасаң бұл өмірде қайтер ек,

Дұға жасап, өзіңізді еске алсақ,
Тәңір бізге кедергісіз жол береді.
Күрсініп тұр, асау Іле жағасы,
Әлмеректің сілкінді ой-санасы,
Мекен болған бұл қазаққа ежелден,
Алтынемел, Кетпен таудың арасы.
Сүмелендеп еніп кірген жеріме,
Қорлығына бұл жоңғардың қарашы.

Арам ойлы, мысық ниет Чонжының,
Қарадала болған екен таласы.
Барымталап, малын ұрлап Қазақтың,
Арпалыспен өтті талай азап күн.

Мал табылар елім аман болса деп,
Тәңірінен күтті Абыз азат күн.
Қарт Абызды мазалады сан ойлар,
Не бақытым, не басыма сор ойнар,

Шыдамның да шегі бар ғой жетті енді,
Алдымда әлі жорғалайды торайлар.
-Қарадала-біздің алтын тұтқамыз,-
Деді дағы жекпе-жекке шықты Абыз.

Есіргенін естерінен тандырып,
Талай мәрте індеріне тыққанбыз.
Батырына ат та серік мұндайда,
Жалды торыат көніп жүрді ыңғайға.

Өкіріп кеп, құлап түсті Чонжы дәу,
Қайқы қылыш, қылша мойнын қиғанда.
Ашық болса деп тіледің жол бүгін,
Майланса ғой деп тіледің қоржыным,

Мыңбасы екен, әпербақан әңгүдік,
Басы кетті қанжығаңда Чонжының.
Бүгін міне, еске алып мен тұрмын,
Қас батырдың сол ерлігін, сол күнін.

Қанша мәрте Жоңғар бізге тас атты,
Талай біздің көзімізден жас ақты,
Абыз бабам ерлігіңмен өзіңнің,
Ақыр міне, жерімізді босатты.

Алла сіздің жолыңызды оңғарды,
Бас идірдің ата жауың Жоңғарды.
Қас батыр боп, Райымбек шықты да,
Батаңыз бен туыңызды қолға алды!

Құтты болсын батыр баба тұғырын,
Мәңгі болсын абыз баба ғұмырың.
Әр күн сайын еске алатын өзіңді,
Мен де сіздің бір бұтағың, бір ұлың!

БИІК ТҰЛҒА

Аға, сенің басқадан тұлғаң бөлек,
Парасатың, пайымың ойың зерек.
Ел есінде олар да қалам десе,
Барлық басшы дәл сіздей болу керек.

Жол сілтедің ақиқат айдынына,
Риза болдың аға айлығына.
Бар дүние қолыңда тұрса дағы,
Тиіспедің қоғамның байлығына.

Білігімен Мәскеудің таласа алдың,
Қанша көпір, қаншама қала салдың,
Істеген істеріңді мақтан қылмай,
Өз ұлттыңның алдында аласардың.

Тәңірдің орындадың аманатын
Қанағатпен шықпады жаман атың,
Талай жерде өзінді қолдап жүрді,
Отанға деген ыстық махаббатың.

Мал-мүлік, ақша, байлық жинамадың,
Дүние үшін жаныңды қинамадың,
Ойланбай сізді аға айтар едім,
Ең бірінші кім десе, сыйлы адамың,

Көзге ілмей телегей табысыңды,
Естімей шындығыңды, дауысыңды,
Еш кінәсіз орныңнан алып еді,

Көр соқыр орталықтың сағы сынды,
Ұл-қызың сізді қолдап шықты алаңға
Көтеріп батыр аға, намысыңды!

Жүзіңізден мейірім көрінетін,
Сөзіңізден жанымыз семіретін.
Машина да жан аға алмапсыз ғой
Қоғамнан сізге тегін берілетін.

Кемеңіз жүр Іленің суларында,
Ізін жатыр Қапшағай құмдарында,
Суретің әлі талай жарқырайды,
Тәуелсіз еліміздің туларында.

Қалсын деп болашақтың санасында,
Қуантып данасын да, баласында,
Тұрсыз аға ел-жұрттың арасында,
Қонаев деп өзгертті Қапшағай қаласын да.

Жақсы еді ғой тілеуің, тілегің де,
Сіз барда өкінбеуші ем бұл өмірге.
Ісіңменен мәңгілік үлгі болып,
Жүрсің аға, халқыңның жүрегінде!

Бексұлтан КӨЛБАЕВ.

Қазанама



Қазақ мемлекет және қоғам қайраткері Нүсіпжан Нұрманбетұлы Нұрманбетов 86 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Нүсіпжан Нұрманбетұлы Нұрманбетов 1938 жылы 18 қаңтарда Жамбыл ауданы Бірлік ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 1961 жылы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын «Ғалым-агроном» мамандығы бойынша, 1981 жылы Алматы жоғары партия мектебін «Саясаткер» мамандығы бойынша және 1999 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Зангер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1961-1968 жылдары Балқаш ауданының «Жиделі», «Желторанғы», «Ақкөл» шаруашылықтарында бас агроном болып бастады. 1975 жылға дейін осы ауданның Октябрьдің 50 жылдығы атындағы шаруашылығында партия комитетінің хатшысы, директор болып істеді.

Одан кейінгі еңбек жолы халық депутаттары Балқаш аудандық атқару комитетінің төрағасы, Қазақстан Компартиясы Күрті аудандық комитетінің бірінші хатшысы лауазымдарында жалғасты.

1985-1995 жылдар аралығында Талғар ауданының «Горный садовод» шаруашылығына жетекшілік етті.

1995-2012 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты болды. Нарық экономикасы және банк қызметі төңірегінде жазған мақалалары бар. Ана тілінен бөлек орыс, неміс тілдерін меңгерген.

«Еңбек Қызыл ту», «Парасат», екінші дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері. Алматы облысы мен Балқаш ауданының Құрметті азаматы. «Алтын барыс» төсбелгісі бар Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен, «Астана», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл, 20 жыл», «Тың игеруге 50 жыл», «Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» медальдерімен марапатталған.

Мемлекет және қоғам қайраткері Нүсіпжан Нұрманбетұлы Нұрманбетовтің жүріп өткен ғұмырнамалық жолы, оның азаматтық кескін-келбеті оны білетін қазақ жұртының есінде қалары анық. Ағайын-туғанына, ауыл-аймағына, бүкіл қазақ жұртына қайғырып, көңіл айтамыз.

Алматы облыстық ардагерлер ұйымы

Еске алу



Әкеміз Шұлғаубаев Оразхан Рахманұлы 1952 жылдың 16 қарашасында Қарасай ауданының Жандосов ауылында дүниеге келген

ОРНЫ ҚАЛДЫ ОЙСЫРАП...

еді. Бес баланың кішісі, үлкенге сыйлы, кішіге қамқоршы, ауылдың бетке ұстар азаматы, бес баланың асқар таудай әкесі, аяулы жар болатын.

Жас кезінен тұрған жеріне деген махаббаты сол ауылға сіңірген ерен еңбегінен байқалды. Тұрған көшесіне өз қолымен су жүргізіп, ауыл мешітінің бірінші кірпішін қалап, жамағатпен бірігіп, сол мешіттің салынып бітуіне ат салысты. Қолынан келгенше ауыл тұрғындарына көмегін аямады, шебер ұста, мықты құрылысшы болған еді.

Бізді бала кезден әділеттілікке, шындыққа баулып, ешкімнің ала жібін аттамау керектігіне тәрбиелеп өсірді. «Досыңа адал, сөзіңе

берік, туған-туысқаныңа жақын бол» деп тәрбие берді.

Осыдан он жыл бұрын 2014 жылдың 17 шілдесінде асқар таудай әкеміз дүниеден өтті. Әкеміз бақилы болған күні ораза айының соңғы күндері еді. Сол кеште әкеміз бір Құдайға сыйынып, Аллатағала берген нәсібімен аузын ашып, аяғының ауырғанына қарамай, тарауық намазына қатысу ниетімен мешітке жол тартқан кезі еді. Алланың жазуы сол болған шығар, жолда жол апатынан қайтты. «Тас түскен жеріне ауыр» дейді. Сол түн біздің әулетімізге қайғы-қасірет алып келді. Орны қалды ойсырап... Бізде бәрі бар секілді. Алайда, әкеміздің жетіспей жүргені анық сезіледі. Әкемізді күндіз

шырақпен іздеп жүрген секілдіміз.

Әкешім, жатқан жерің жайлы, кең және жарық, топырағың торқа болсын. Аллатағала жәннәттің фердауыс дәрежесін нәсіп етсін, бала-шағаныздың артыңыздан оқыған тілек дұғалары қабыл болсын.

Әкеміздің ана дүние есігін ашып кеткеніне биыл он жыл толып отыр. Көзін көрген азаматтарды 2024 жылдың 20 шілдесінде, сенбі күні сағат 13:00-де Қарасай ауданы Үшқоңыр ауылында орналасқан «Рахат» мейрамханасында қайтыс болғанына арналған онжылдық асына шақырамыз.

Ниет білдірушілер
жан жары, ұл-қыздары,
күйеу балалары мен келіні
және немерелері.

Алматы облыстық ардагерлер ұйымы және «Алатау ардагері» газетінің ұжымы «Алатау ардагері» газетінің бас редакторы Айдарбекова Роза Маратқызына әкесі **Марат ҚАНАПИЯҰЛЫНЫҢ** дүние салуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1180
Индексі – 65472.